

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ЖОҒАРЫ АУДИТОРЛЫҚ ПАЛАТА: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

А.Т. Утебаева

«Мемлекеттік аудит» БББ 2 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,

Қазақстан Республикасы

E-mail: aruzhan0907@mail.ru

Ғылыми жетекші: Сембиева Ляззат Мыктыбековна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

«Мемлекеттік аудит» кафедрасының профессоры, э.ғ.д.

Бүгінгі таңда кез келген ел өзінің экономикасын дамыту үшін арнайы мемлекеттік іс-шараларды жүзеге асырады. Бұл іс-шаралар өз кезегінде экономиканың күнделікті жаңарып отыруына септігін тигізеді. Сондай іс-шаралардың бірі – мемлекеттік аудит. Мемлекеттік аудит жүргізу қазіргі таңдағы ең ауқымды, әрі маңызды жұмыс болып табылады. Мекемелердің шаруашылық жағдайын, қаржылық жағдайын, мекеменің әл-ауқатын тексеру, бұзушылықтардың бар-жоғын анықтап, бар болған жағдайда тиісті жауапкершілікке тарту, мекеменің жұмысын тиімді жалғастыруға кеңес пен бағыт-бағдар беру - міне, осының бәрі мемлекеттік аудиттің міндеттері мен жұмысына кіреді. Кез келген мемлекет өз бюджетінің тиімді пайдаланып, экономикасының алда болғанын қалайтыны сөзсіз. Менің ойымша, сол себептен де, бүгінде әрбір елде мекемелерге арнайы қаржылық бақылау мен аудит түрлері жүргізіледі. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың міндеттерін орындап, мақсаттарына жеткізетін және сан-қилы функцияларын атқаратын ол бізде – мемлекеттік аудит органдары болып табылады. Мемлекеттік аудиттің жоғары органдарының жұмыс істеуін ұйымдастыру қағидаттары ең алдымен әр елдегі қаржылық бақылау моделіне негізделген, ал бұл сәйкесінше құқықтық жүйенің құрылу ерекшеліктеріне негізделген. Тәуелсіз мемлекеттік аудит органдары ең алдымен мемлекеттік шығыстарды тиімді басқару және қаржылық қамтамасыз ету функциясы, есеп беру функциясын орындайды. Аудиттің өзі кез келген есеп беру жүйесінің орталық буыны болып табылады және оны тиісінше жүргізу кезінде мемлекеттік мекемелерге есеп беру және ар-ождан қағидаттарына сәйкес әрекет етуге, өз қызметінің тиімділігін және азаматтардың сенім дәрежесін арттыруға көмектеседі. [1].

Қазақстан Республикасында ең жоғарғы аудит органы болып – Жоғары Аудиторлық Палата саналады. ҚР ЖАП жоғары қаржылық бақылау органдарының: INTOSAI, ASOSAI, EUROSAI, ECOSAI бес халықаралық ұйымының, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жоғары қаржылық бақылау органдары басшылары кеңесінің мүшесі болып табылады, олармен өзара іс-қимыл жасасу Жоғары Аудиторлық Палатаның қызметіне жаңа практиканы, функцияларды іске асырудың озық құралдарын енгізеді. ҚР ЖАП басты мақсаты – еліміздегі экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуі және мемлекеттік қаржылық тәртіпті нығайту болып табылады. Палата мемлекет активтерін пайдалану және квазимемлекеттік сектор активтерін басқару тиімділігінің аудитін жүзеге асырады. Сонымен қатар, заңда жекелеген проблемалар мен тақырыптар бойынша тиімділік аудитін жүргізу, атап айтқанда, баға белгілеу, квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің дамуына, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау және ақпараттық технологиялар саласына әсері мәселелері көзделген. Жоғары Аудиторлық Палата тікелей Президентке есеп беретіндіктен, олар өз жұмыстарын адал, жауапты, әрі сапалы атқаруға міндетті. [2] (кесте 1)


Кесте 1

ҚР ЖАП 2018-2020 жылғы аудиторлық іс-шараларының түйінді көрсеткіштері

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлш. бірл.	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	ауыт. %-пен	
						2018/20 19	2019/ 2020
I. Сандық көрсеткіштер							
1.	Аудиторлық және сараптамалық-талдау іс-шараларының саны, оның ішінде	бірл.	23	20	18	- 13% ▼	- 10% ▼
2.	Мемлекеттік аудитпен қамтылған объектілер саны	бірл.	179	207	117	16% ▲	- 43% ▼
3.	Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемі	млрд. теңге	5 195,8	34 177,5	47 278, 7	5,6% ▲	38% ▲
4.	Анықталған заңнама нормалары, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілерін бұзушылықтардың барлығы, соның ішінде:	млрд. теңге	429,2	1 203,8	1 852,7	1,8% ▲	54% ▲
4.1	қаржылық бұзушылықтар	млн. теңге	138 010,0	35 765,0	80 648, 9	- 74% ▼	2,2 есе ▲
4.2	ҚР заңнама нормаларын іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің бұзушылықтары	млн. теңге	26 279,1	5 359,3	53,9	- 80% ▼	- 99% ▼
4.3	тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты, мемлекет активтері	млн. теңге	100 859,8	1044741 ,7	418 941 ,8	9,4% ▲	- 60% ▼
4.4	тиімсіз жоспарлау	млн. теңге	164 100,7	117 996,8	135306 5,7	- 28% ▼	11,5 %▲
5.	Анықталған рәсімдік сипаттағы бұзушылықтардың саны	бірл.	2 385	2 733	2 277	15% ▲	- 17% ▼
6.	Бір объектіге шаққанда анықталған бұзушылықтардың сомасы, соның ішінде:	млн. теңге	2 398,04	5 816	15 835	42,5% ▲	2,7% ▲
6.1	бір объектіге шаққанда анықталған қаржылық бұзушылықтардың сомасы	млн. теңге	771	173	689	- 78% ▼	3,9% ▲
7.	Қалпына келтіруге (өтеуге) жататын қаражат көлемі	млрд. теңге	138,1	35,7	80,6	- 74% ▼	2,2 %▲
8.	Есепті кезеңде қалпына	млрд.	130,1	21,5	15,7	-	-


	келтірілген (өтелген) қаражат	теңге				83,5% ▼	27% ▼
II. Сапалық көрсеткіштер							
1.	Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлеміне шаққанда анықталған бұзушылықтардың үлесі, соның ішінде:	%-пен	8,3	3,5	3,9	- 57% ▼	11% ▲
1.1	Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлеміне анықталған қаржылық бұзушылықтардың үлесі	%-пен	2,7	0,10	0,17	- 96% ▼	70% ▲
2.	Жоғары Аудиторлық Палатаны күтіп-ұстауға бөлінген қаражатқа қалпына келтірілген сомалардың арақатынасы		103,2:1	16,01:1	13,0:1		
Ескерту-Жоғары Аудиторлық Палатаның мәліметтері [4]							

ҚР ЖАП мемлекеттік бюджет пен ұлттық ресурстарды пайдалану бойынша мемлекеттік аудит объектілері қызметіне, мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен дәлдігіне, мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдердің толықтығына және уақтылығына, сондай-ақ республикалық бюджеттен қате төленген соманы қайтаруға сәйкестік аудитін жүргізеді. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен, экономикалық және қаржылық қылмыстарды тергеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органдармен бірлесіп, сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу кезінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша мемлекеттік аудит материалдарын беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді.[3] Көп жылғы еңбектің нәтижесінде Жоғары Аудиторлық Палатаның өкілеттігі айтарлықтай кеңейді. Атап айтқанда, операциялық бақылаудан тиімділік аудитіне көшу, Республикалық бюджетті қалыптастыру мен атқару бойынша қорытынды дайындау, республикалық бюджеттің қаржылық есебіне аудит жүргізу, орталық мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау, жүйелі мәселелерді анықтау және оларды шешу жолдарын іздестіру істері қолға алынды. (сурет 1)



Сурет 1 Жоғары Аудиторлық Палатаның 2019-2022 жылдар аралығында мемлекеттік аудитпен қамтылған объектілер саны

2015 жылы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» салалық Заңның қабылдануы Қазақстанның Жоғары аудит органының дамуындағы елеулі белес болды. Атап айтқанда, заңнамадағы құқықтық коллизиялар мен ағаттықтарды түзету, Үкіметтің республикалық бюджетті орындауы бойынша Қорытындыны қарау және т.б. жұмыстар атқарылады. (сурет 2)



Сурет 2 Жоғары Аудиторлық Палатаның 2019-2022 жылдар аралығында аудиторлық іс-шаралар саны

Мемлекеттік аудиттің сапасы мемлекет пен қоғамның жұмыс істеуін қалыптастыру тиімділігінде маңызды рөл атқарады. Жоғары аудит органдарының құндылықтарын арттырудың маңызды факторларының бірі-аудиторлық топтың жоғары кәсібилігі және аудит саласындағы мамандануы. Бүгінгі динамикалық және талап етілетін экономикалық ортада аудиторлар көп жағдайда жоғары кәсіби, жауапты, тәуелсіз және құзыретті болуы керек. Бұл зерттеудің гипотезасын келесідей тұжырымдауға болады. Сонымен: аудиттің сапасы маманның қабілетіне, күш-жігеріне және табандылығына байланысты болса, аудитордың өзіндік тиімділігі мен кәсіби дамуын өзгертуге бағытталған күш-жігер (сенімдерді, ақпаратты және білімді өзгерту арқылы) Жоғары Аудит Органының жұмысының өнімділігін арттыруы керек.

Жоғары аудит органдарының сапасын арттыру стратегияларының тағы бір жолы – заманауи технологияларды пайдалану. Технологиялық жетістіктер аудиторлар өзара әрекеттесетін топтар арқылы клиенттердің жұмыс орындарын өз кеңселерінде немесе қашықтан электрондық шолулар жүргізу үшін мүмкіндік береді. Бағдарламалық қамтамасыз ету - аудитті жоспарлау барысында, құжаттаманы дайындауға қажетті уақытты қысқартады, сонымен қатар, адамдар арасында тікелей байланыс орнатады. Қызметкерлер аудиттің нақты мәселелерін шешу үшін үздік тәжірибелерге, зерттеулерге, сауалнамаларға, статистикаға және сараптамаларға қол жеткізе алады. [4]

Сонымен қатар, қазіргі жағдайда жоғары аудит органдары қызметінің жалпы тиімділігін арттырудың келесі перспективалық бағыттарын ұсынған жөн деп санаймын:

- Жоғары аудит органдарының қызметін елдің қоғамдық дамуының халықаралық стандарттары мен қажеттіліктеріне жақын қағидаттарға ауыстыру.

- Жоғары аудит органдары қызметінің нәтижелілігін бағалау жүйесін құру және енгізу, оның негізінде мемлекеттік қадағалау мен муниципалды бақылауды жүзеге асырудан туындаған мемлекет шығындары мен бизнес шығындарын азайта отырып, адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру жағдайларын азайтудың түпкілікті көрсеткіші болуға тиіс.

- Тексеруге қойылатын міндетті талаптарды жүйелеу және оларға шаруашылық жүргізуші субъектілердің қол жеткізуін қамтамасыз ету. Жүйелеу және оңтайландыру қажеттілігі объективті түрде тексеруге жататын міндетті талаптардың ескіруінен және тексерілетін тұлғалардың бақылау-қадағалау іс-шаралары барысында тексерілетін талаптардың мазмұны бойынша ақпаратқа ашық қол жетімділігінің болмауынан туындайды.

- Бақылау-қадағалау органдары қызметінің бірыңғай құқықтық негізін қалыптастыру, өйткені Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік және құқықтық актілерінде бақылау мен қадағалаудың барлық түрлеріне, қажетті сараптамаларға қойылатын талаптардың толық тізімі жоқ, бұл бақылау-қадағалау қызметін реттейтін базалық нормаларды біркелкі қолданудың болмауына әкеледі және сайып келгенде бақылау-қадағалау органдары қызметінің нәтижелілігін бағалауды қиындатады.[5]

Қорытындылай келе, Жоғары Аудиторлық Палата өкілеттіктерінің кең спектрі барлық мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының мемлекеттік аудитті жүзеге асыру сапасын тексеру сияқты өте жауапты өкілеттіктермен толықтырылғанын атап өту қажет. Алайда, кәсіби даму жоспарларын құру кезінде аудиторлық топтың коммуникативті дағдыларына назар аудару керек екенін атап өткім келеді. Нағыз кәсіби ішкі аудиторлар басшылықпен конструктивті қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін ашатын және оның әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беретін функцияның бейнесін жасауда өте маңызды рөл атқаратын осы қасиеттер мен дағдыларды біріктіруі керек. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылғы 16-наурыздағы Жолдауы еліміздегі Жоғары аудит органының беделі мен құндылығын одан әрі арттыра түскендей: "Елімізде көптеген ауқымды жобалар, бағдарламалар бар. Бірақ, түрлі себептерге байланысты оларды жүзеге асыру барысы көңіл көншітпейді. Сондықтан Парламент республикалық бюджеттің сапалы орындалуына бақылауды күшейтуі қажет. Осы орайда Есеп комитетінің орнына Жоғары аудиторлық палата құруды ұсынамын. Оның төрағасы Мәжіліс депутаттары алдында жылына екі рет есеп беруге тиіс. Басқарушы органдарға мерзімді есеп беру тек аудиттің негізгі нәтижелерін ғана емес, сонымен қатар негізгі кемшіліктерді жою нәтижелерін (түзету іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылау нәтижелері) қамтуы керек, өйткені бұл, әрине, түзету шараларын жүзеге асыру туралы жұмысты ұйымдастыруға ықпал етеді." [6]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Климанов В.В. және т.б. Функции высших органов государственного аудита (контроля) в России и зарубежных странах [электрондық ресурс] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/funktsii-vysshih-organov-gosudarstvennogo-audita-kontrolya-v-rossii-i-zarubezhnyh-stranah?ysclid=19ykbvqr75898846981>

2. Әбілова М.М., Саттыбаева А.Д Жоғарғы қаржылық бақылау органдарының мемлекетті басқарудағы атқаратын рөлі [электрондық ресурс] URL: <https://enu.kz/downloads/noyabr-2021/sistema-gosaudita-mnpk.pdf?ysclid=19ybfmkgdv916397804>

3. Қазақстан Республикасы Жоғары Аудиторлық Палатасының сайты [электрондық ресурс] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/about>

4. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ. [электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>

5.Бексултанов А.А. және т.б. Анализ факторов, влияющих на качество государственного аудита в Казахстане [электрондық ресурс] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/analiz-faktorov-vliayuschih-na-kachestvo-gosudarstvennogo-audita-v-kazahstane?ysclid=191911ahoe949494575>

6. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы - Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы — Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (akorda.kz)

COMPARING PUBLIC SECTOR ACCOUNTING AND FINANCIAL MANAGEMENT PRACTICES IN EU MEMBER STATES

Shoinbaev.A.M

2nd year student of the "State Audit" education program
Eurasian National University named after L.N. Gumilev
Astana, Republic of Kazakhstan
E-mail: arturshoinbaev@mail.ru

Beisenova Lyazzat Ziyadenovna

Associate Professor, Candidate of Economic Sciences
Eurasian National University named after L.N. Gumilev
Astana, Republic of Kazakhstan

Public sector accounting and financial management practices in EU member states are essential for ensuring effective management of public resources. As these practices can vary greatly due to political, economic, and cultural factors, it is essential to compare and contrast them to identify similarities, differences, and areas for improvement. In this article, I will present a comparison of public sector accounting and financial management practices in EU member states, identify areas for improvement, and provide recommendations for policymakers and government officials.

The research methodology used for this analysis involved a review of existing literature on public sector accounting and financial management practices in EU member states. I analyzed relevant reports, academic journals, and government publications to evaluate the accounting and financial management practices of different EU member states. The criteria used to evaluate the practices included accounting standards, budgeting systems, financial reporting, and audit systems[1].

The comparison of public sector accounting and financial management practices in EU member states is presented in Table 1 below.

Table 1. Comparison of Public Sector Accounting and Financial Management Practices in EU Member States

EU Member State	Accounting Standards	Budgeting System	Financial Reporting	Audit System
1	2	3	4	5
Germany	HGB, IPSAS	Dual Budget System	Annual Financial Statements	Internal and External Audit